

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.1, Ч.2 - С.163-167

ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАР НАРЫҒЫНЫҢ МАКРОДЕНГЕЙДЕ АҚША АЙНАЛЫМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕГІ РОЛІ

Кеңес Г.К.

Шетелдік банктік тәжірибеде төлем карточкаларының орасан көп түрлерін қолдана отырып жүргізілетін автоматтандырылған қолма-қолсыз есеп айырысулар кең қолданыс тапқан, күнделікті үйреншікті жағдайға айналғаны белгілі.

Біздің елімізде де төлем құралдарының бұл түрі соңғы жылдары кең етек алып келе жатқандығының бірнеше себептері бар. Бірнеше ғылыми жұмыстарда, көптеген мақалаларда, кейбір оқулықтарда, көбінесе, бұқаралық ақпарат құралдарында, статистикалық деректерде, қаржылық институттардың ресми сайттарында кездесіп жүрген материалдарда төлем карточкаларының табыстылығы мен пайдалылығын, қажеттіліктерін тек жеке тұлғаларға, клиенттерге және заңды тұлғаларға, коммерциялық банктерге қатысты жақтарын, яғни, микродеңгейде ғана жиі қарастырылып жүр.

Төлем карточкаларының қолма-қол ақша эмиссиясын шектеуде, M_0 агрегатын реттеуде, айналыс шығындарын азайта түсу үшін атқаратын ролін ғылыми тұрғыда дәлелдеу қажет және олардың атқаратын қызметтері макро-және микроэкономикалық деңгейде қарастыруды қажет етеді.

Төлем карточкалары, сонымен қатар, макродеңгейде, яғни, табыстар мен өнімдердің айналысын қамтамасыз етуде маңызды роль атқара отырып, сату көлеміне, бағалар деңгейіне, іскерлік белсенділікке, төлемсіздік деңгейін азайтуға, ақша айналымының жылдамдығына және тағы басқа макроэкономикалық өзгерістерге әсер ете алады.

Төлем карточкаларының жалпы ақша массасындағы алатын ролі ақша агрегаттары классификациясының негізінде көрсетуге болады. Қазақстан Республикасының қаржы статистикасында қолданылатын 4 ақша агрегаттары өтімділігі бойынша тізбектілікпен орналасқан, яғни, $M_3 \supset M_2 \supset M_1 \supset M_0$. Экономикалық талдауларда жиі қолданылатын және ең неғұрлым маңызды агрегаттар M_0 , M_1 , M_2 болып табылады. Атап айтсақ, M_0 = банк жүйесінен тыс барлық қолма-қол ақшалар, банкнота мен монеталар, M_1 = M_0 + жеке және заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы аудармалы депозиттері, M_2 = M_1 + ұлттық валютадағы мерзімді депозиттер + жеке және заңды тұлғалардың шетел валютасындағы аудармалы депозиттері. Бұл жерде аудармалы депозиттерге әрқашан шектеусіз атаулы құнымен қолма-қол ақшаға ауыстырылатын, әртүрлі банктік шоттар мен қолма-қолсыз емес

айырысу құралдары арқылы төлемдер жүргізуде кеңінен қолданылатын депозиттер жатады [1, 27].

Төлем карточкалары жүргізілетін валюта түріне байланысты M1, M2 агрегаттарына транзакциялық депозиттер компоненті арқылы жатқызылады. Транзакциялық депозиттер дегеніміз қолма-қолсыз төлем құралдары немесе электронды ақша аударымдары арқылы, мәмілелер бойынша төлемдер түрінде басқа тұлғаларға аударылатын депозиттер.

2020 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша төлем карточкаларын шығаруды 22 банк және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырады. Аталған ұйымдар келесі халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын шығарып, таратумен айналысады: VISA International, MasterCard Worldwide, UnionPay International, American Express International және Diners Club International. Бұдан басқа келесі Қазақстан банктері жергілікті жүйелері төлем карточкаларын шығарады: Altyn Card – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Ситибанк Қазақстан жергілікті карточкасы - «Ситибанк Қазақстан» АҚ және Kaspi.kz төлем карталары жүйесі - «Kaspi Bank» АҚ

2020 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша банктердің айналымдағы карточкаларының саны 33,9 млн. жетіп, карточкаларды ұстаушылардың саны – 30,7 млн. адам болды (2019 жылғы осындай күнгі жағдаймен салыстырғанда – тиісінше 43,4% және 57,6% өсім байқалады). Кеңінен таралған карточкалар түрі дебеттік карточкалар болып табылады, олардың үлесі 77,0%, екінші орындағы кредиттік карточкалардың үлесі – 19,2%. Кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалар мен алдын ала ақысы төленген карточкалардың үлесіне сәйкесінше 2,2% және 1,6% тиеді.

2020 жылдың қаңтарында қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана жүргізілген транзакциялардың көлемі 2 786,6 млрд. теңгеге жетіп (2019 жылғы қаңтар айымен салыстырғанда 44,4%-ға үлкейген), транзакциялар саны 167,3 млн. бірлікті құрады (2019 жылғы қаңтар айымен салыстырғанда 75,4%-ға ұлғайды). Оның ішінде қолма-қол жасалмайтын транзакциялар саны 2,1 есе, ал сомасы 2,4 есе өсті (транзакциялардың саны 142,4 млн. бірлік және көлемі 1 651,9 млрд. теңге). Төлем карточкаларын ұстаушылардың қолма-қол ақшаны алу операцияларының саны 24,9 млн. бірлікті, көлемі 1 134,7 млрд. теңгені құрады. 2019 жылдың осындай уақыт аралығымен салыстырғанда бұл көрсеткіштер тиісінше 13,8% және 9,4%-ға азайды.

Қазақстан аумағында қолма-қол ақшасыз операциялардың негізгі үлесі интернет/мобильді банкинг (тиісінше 44,7% және 74,3%) және POS-терминалдар (қолма-қол жасалмайтын операциялардың жалпы саны, көлемінен сәйкесінше 55,0% және 24,7%) арқылы жүргізілді. Қолма-қол ақшаны беру операциялары негізінен банкоматтар арқылы жүзеге асырылған (қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялардың жалпы саны мен көлемінен сәйкесінше 98,7% және 92,1%).

Төлем карточкаларының макродеңгейде әсер етуі келесі суретте көрсетілген: [2, 164].



Төлем карточкаларын қолдану арқылы:

- Инфляцияға қарсы бағдарламалар жүргізу кезінде мемлекеттің рестрикциялық ақша-несие саясатын жүзеге асыруға қолдануға болады (төлем карточкаларымен қолма-қолсыз есеп айырысу арқылы М0 агрегатын азайтуды қолдан жасаудың салдарын төмендетуге болады);
- Ақша айналымының жылдамдығын жоғарылатады (айналысқа қызмет көрсететін ақшаның жалпы санын азайта отырып);
- Банк секторының дамуына, оған жаңа банктік қызмет рыногын меңгеруге және өзінің аймақтық шекараларын кеңейтуге қол жеткізеді;
- Сату көлемін көбейтуге ынталандырады;
- Халықтың қажеттілік деңгейін жоғарылатуға ынталандырады;
- Тұтыну несиесін алуға неғұрлым қол жетімді нысандарын ұсынады.

Экономиканың қарқынды дамуы, коммерциялық банктерде көрсетілетін қызметтердің көбеюі, алдыңғы қатарлы банктік технологияларға сұраныстың артуы, төлем карточкалар нарығының толықтырылмауы және тағы басқа бірқатар факторлар ақша айналымындағы төлем карточкаларының аясын ұлғайтады деп болжауға мүмкіндік береді. Бірақ, төлем карточкаларының дамуына кедергі болып отырған факторлар бар, олар: төлем карточкалар нарығына қатысушылар, ондағы көрсетілетін қызметтер мен төлем карточкаларының түрлері, олардың артықшылықтары мен

тиімділігі туралы ақпараттың аздығы, көрсетілген қызметке алынатын комиссиялық ақылардың тым жоғарылығы және тағы басқалар.

Осыған байланысты, бұл кедергі болып отырған мәселелерді шешу, төлем жүйесінің өтімділігіне электрондық технологияның әсерін анықтау, олардың жалпы ұлттық экономиканың макропараметрлерінің тиімділігіне ықпалын ғылыми тұрғыда дәлелдеу, төлем айналымын ұтымды ұйымдастырудың жолдарын іздеу еліміздің ақша айналымын ұйымдастыруға өз үлесін қосатын төлем карточкалары сияқты банктік өнімнің түрін дамытудағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Тек электрондық есептеулерді пайдалана отырып:

1) қазіргі заманғы жағдайларда ақпараттық бизнес үшін қажетті микротөлемдер нарығын дамыту қажет.

2) электрондық ақшаның жылдам айналымы есебінен инфляцияның өсу қарқыны қысқарады.

3) электрондық ақшаны пайдалану арқылы транзакциялардың құны дәстүрлі ақша транзакцияларының құнынан әлдеқайда арзан.

4) электрондық ақшаны өңдеу және есепке алу оңай және оларды пайдалану банктердің құрылымын айтарлықтай өзгертіп, олардың қызметкерлерін қысқартуы мүмкін.

5) электрондық ақша, чек және несие жүйелерінен басқа, транзакциялардың анонимділігін қолдауға мүмкіндік береді (қандай да бір дәрежеде), өйткені оларды пайдалану кезінде төлеушінің жеке куәлігін және оның кредит қабілеттілігін талап етпейді.

6) электрондық қолма-қол ақшасыз ақшаны пайдалана отырып ақшалай есеп айырысуды ұйымдастыру қолма-қол ақшамен төленген төлемдерден әлдеқайда артық, өйткені айналыс шығасыларында айтарлықтай үнемдеуге қол жеткізіледі.

7) Электрондық қолма-қол ақшасыз есеп айырысуларды кеңінен қолдануға банктердің тармақталған желісі, сондай-ақ мемлекеттің жоғарыда аталған себептер бойынша, сондай-ақ макроэкономикалық процестерді зерделеу және реттеу мақсатында олардың дамуына мүдделілігі ықпал етеді.

8) және сайып келгенде қолма-қол ақшасыз (электрондық) есеп айырысуларды дамыту көлеңкелі экономиканы "мәжбүрлі түрде заңдастыруға" ықпал етеді, өйткені соңғысы негізінен қолма-қол есеп айырысуларға негізделеді.

Карточкалық төлем жүйелері төлемді жүргізудің неғұрлым күрделі процедурасына ие, өйткені төлем құраушысына дейін авторландыру және процессинг жүргізу қажет. Карточкалық жүйелердің қатысушылары ретінде бірнеше банктерге сонша процессингтік компаниялар қосылады. Төлем жүргізудің принципті мүмкіндігі туралы алушымен тез хабар алмасуға қол жеткізе отырып, карточкалық жүйелер төлемнің өзі бірнеше күн ішінде жүзеге асырады

Бұл проблемаларды шешу үшін нақты уақыт режимінде автоматтандырылған есептеу жүйесін дамыту қажет. Мұндай жүйелердің мәні, кредиттік ұйымдар арасында банктік ақпаратты беру жөніндегі барлық

рәсімдерді жүргізу және оны тексеру үшін қажетті уақыт секундтармен өлшенетін болады, ал төлеушінің шотынан қаражатты есептен шығару сәті алушының шотына есептеу сәтіне сәйкес келетін болады. Нақты уақыт режимінде автоматтандырылған есеп айырысу жүйесін құру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен кредиттік ұйымдар бастапқы ақпаратты қағаз тасығыштардан бас тартып, электрондық құжаттармен жұмыс істеуге көшуді көздейді.

Төлем карточкаларының проблемалары жалпылама зерттелінеді де, олардың ақша айналысында қолданудың әлеуметтік-экономикалық астарлары, заңдылықтары, жүйелі даму бағыттарына қатысты мәселелер көбіне көп ғылыми көзқарастан тыс қалып келеді. Ал, төлем жүйесінің басты құралы ретінде оның көп қырлығы мен оның аталған позициялар бойынша маңыздылығын ескерсек, онда оны жетілдіру бағыттары мен тәжірибелік қолданыс табатын негіздерін күшейту қажеттілігі сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейтқасымов Г.С. Ақша. Несие. Банктер: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2005. – 432 б.

2. Шеленков В.Г. Учет и организация работы с пластиковыми картами в коммерческом банке // Финансы и кредит. –2010.-№10.-С.8-9.

3. Сущность и значение платежных систем на основе банковских платежных карточек // Богданчик Е.Ю., Овсянников Э.Ю., [Научные Перспективы XXI века](#) Материалы Международной (заочной) научно-практической конференции. Под общей редакцией А.И. Вострецова. 2018, Издательство: [Научно-издательский центр "Мир науки"](#)

4. Features and Problems of Attracting Investments into Agriculture of Kazakhstan / Zh. Omarkhanova, D. Tleuzhanova, R. Berstembayeva, Z. Mukhambetova, B. Matayeva, and G. Alina // Journal of Advanced Research in Law and Economics. - 2017 Volume VIII.- Issue 4(26).- p. 1255- 1259